

**Ж. Тілеубек, 1-курс**

**Фылыми жетекшісі: Б. А. Қалиев, қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,  
заң ғылымдарының кандидаты**

**(Е. А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)**

## **БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ**

Қазір республикалық, облыстық, аудандық тәуелді және тәуелсіз басылымдардың кез келгенін алып қарасақ, кейде тілдік ережелерге сай келмейтін сөйлемдер мен жұтаң сөз саптауын байқаймыз. Әдеби тіл нормасына көніл бөлінбейді, енжарлық басым. Кейде, тіпті тыныс белгілері дұрыс қойылмайды. Мысалы: «Себебі, мемлекеттік тілмен накты түрде тек мемлекеттік органдар ғана айналысып жатыр, ал жеке меншік кәсіпорындар аудармашылардың жұмысымен ғана шектеліп отырған сыңайы бар».

Газет-журнал, яки кітап оқыған сайын көнілге кірбен түсіре беретін үлкен келеңсіздіктің бірі — сөйлемдегі сөздердің грамматика занылышына сай өз орнында түрмауынан туатын кемшілік. Арифметикада қосылғыштардың орны өзгергенімен қосындының мәні өзгермейтіні белгілі. Ал тіл – арифметика емес, мұнда бір сөз өз орнында түрмаса, бүкіл сөйлемнің мағынасы өзгеріп кетуі немесе мүлдем берекесі қашуы мүмкін екенін бәріміз білеміз. Алайда біздің журналист, жазушыларымыздан бастап мектеп баласына дейін белгілі осы қарапайым қагида дұрыс сақталмай келеді. Сондықтан мерзімдік басылымдарда болсын, көркем шығармаларда болсын мұның мысалы бастан асады десек, артық айтқандық емес. Мысалы. «Аяғында дәу СПТУ-дің бәтінкесі». Сөз дұрыс қолданылмағандықтан, дәуі бәтінкесі емес. СПТУ-дің өзі сияқты. Ал осыны: «Аяғында – СПТУ-дің дәу бәтінкесі» десе тіл нормасына сәйкес келер еді. «Таяуда М. Өузов музей үйінде “Сөздік-Словарь” баспасынан Мәдениет және ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша жарық көрген жазушы Келіс Рақымжановтың “Қалғұты” атты әңгімелер жинағының тұсау кесері болып етті». Министрліктің бағдарламасы бойынша “жарық көрген” жазушының өзі ме, әлде оның кітабы ма? орын тәртібі дұрыс сақталмағандықтан, осындай келеңсіздік туып отыр. Ең басты куаныш -- «Ана тілі» газетінің бас редакторы Мереке Құлкеновтің тікелей араласуымен «Өлке» баспасынан шыққан Сайымжан Еркебаевтың үш томдық шығармалар жинағының тұсауы кесілді; «Ана тілінде жарық көрген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының сұхбатын оқып өзімді көптен мазалап жүрген сұрақтарға жауап алдым» деген сөйлемдер де осы секілді стильтік қателікке жатады.

Осы текстес стиль жағынан жіберілетін қателіктер күн сайын көбеймесе, мүлде азаймай отыр. Мұны жақында ғана жарық көрген «Қазақ әдебиеті» газетінің 2010.01.10 № 8 санындағы мына сөйлем де дәлелдейді: «Ұзын-ыргасы бір сағатқа созылған әңгіме барысында қаншама тілге, көркем сөзге, ұлтты рухани тәрбиелеу мәселесіне қатысты іргелі ойлар айтылды».

Жас ғылым лингвоэкологияның басты міндеті — тілдің нормаларын және сөйлеудің ұлттық нақышын сактау. Бүтінгі таңда оның басты мақсаты — ұлттық тілдің жекелігін сактау қалу.

Қазіргі лингвистердің зерттеуінше, күніне 300 сөз орыс тіліне енеді екен. Ол сөздердің дені ағылшын тілінен енген. Қазақ тіліне де ағылшын тілінен сөздер көпtekеп енуде. Әсіресе көп кірме лексика газет, журнал беттерінде көрініс туып жатады.

Қазақ тіліндегі шетел сөздерінің көпtekеп енуі Қазақстанның экономикасының қарқынды дамуымен байланысты. Сондай-ақ, халықтың ғаламторды кеңінен пайдалануын айтуға болады. Олар орыс тілі арқылы қазақ тіліне еніп тілдік қолданысқа енген ағылшын сөздері. Әдетте, жарыспалы қолданыстар дегеніміз – «ескі» мен «жаңаңын»

үзенгі қағыса қатар қолданылуы. Мысалы, финанс — қаржы, рынок — нарық тәрізді жарыспалы сөздер тілдік қарым-қатынас машинында сабактастық қағидаты бойынша біразға дейін жарыса жүріп, келе-келе біреуі орнығады, екіншісі өзінен-өзі қалып қояды. Сейтіп, тіл «табиғи» түрде өзін-өзі реттеп отырады. Сонымен қатар терминкомың белсенді араласуымен бір алуан жарыспалы сөздер тез арада нормаға түсіп, ғылым тілінің кәдесіне жарап жатады. Олардың тілдік норма үрдісіне сай келетіні немесе ауыткитын тұстарына талдау жасап отыру тілші құзыретіне жатады. Бергін келе сөздің ықшам нұсқасына артықшылық беріліп, жарыспалы сөздер бірізге түсіп келе жатыр. Жаңа сез жасауда «жүргі ауыр» -шы, -ші тәрізді өнімді қосымшаларды диқан, аспаз, куә сөздеріне телімей-ақ үнемді қолдану жақсы үрдіс. Осы сөздерді диқаншы, аспазшы, куәгер, куәші деп талғаусыз қолдана беру қалыптасқан терминдік норманы бұзу деп танылады. Алайда баспасөзден инвесторшы, бітімгерші сияқты сөздерді кездестіруге болады.

Сөз білетін қазақ куәгер, зергер тәрізділерге -шы, -ші жұрнағын қосақтап, куәгерші, зергерші демесе керек. Осы тәрізді бітімгер сөзін бітімгерші деу жансақтық болар еді. Газет бетінде бітімгер деудің орнына бітімгерші деп қолдану кездеседі: «Испанияның 1, 3 мың бітімгершісі Иракты тастап шыққаны оқырманға мәлім».

Сондай-ақ, қазіргі кезде инвесторшы деген қыыс қолданыс та көп ұшырасады. Дұрысы инвестор екеніне ешкім дауласа қоймас, онда инвесторшы деуімізге не жорық? Беделді газеттердің бірі құсбегі деген сөзді місі тұттай, құсбегіші деп қолданған екен: Мысал үшін айта кетейік, «бұған дейін құсбегішілер жарысының женімпазына 4 мың теңге беріліп келіпті».

Негізі, біз байыбына бара бермейтін сияқтымыз. Эйтпесе газет-журнал беттерінде болсын, жарнамалардың, мандайша жазулардың, көше-көшелердегі жүгіртпе жазулардың, теледидардан берілетін жүгіртпе жолдардың, хабарландырулардың тіл тәрбиесіне орасан зор ықпалы бар. Себебі бала көп дүниені «көзбен көріп, көнілге току» арқылы қабылдайды. Сондықтан бұл жағына аса мұқият болған жөн.

Мектеп қабырғасынан бастап, жоғары оку орындарында жазу және сөйлеу стилін қалыптастыруға, жастарды соған машиқтандыруға жете мән берілуі тиіс. Күнделікті шығыш жатқан газет-журналдардағы осы сияқты кемшіліктерді үнемі ортаға салып, талқылап, қызу пікірталас үйімдастырып, оқырманның ынта-ықыласын ояту арқылы сез мәдениетіне үйрету қажет.